

«Көне қалалар»

**«Көне және заманауи
ескерткіштер»**



Қазақ даласындағы ең көне 5 қала

Қазақ тарихында көне қалалар мен тарихи орындар жетерлік. Олардың көбісі Ұлы Жібек жолы бойында маңызды қызметтер атқарып, орта ғасыр тұсында мәртебелі қала статусына көтерілді.



Тараз - 2000 жыл


- Тарихы тереңде қалалардың көшін Тараз қаласы бастайды. Орта ғасырлардан бері Тараз деген атаумен әйгілі қалаға ең бірінші келгендер - Ферғана алқабының өзбектері болған. 1997 жылынан бастап тарихи атауы қалаға қайтарылды. 2002 жылы Тараз өзінің 2000 - жылғы мерейтойын атап өтті. Көне Тараз шаһары Ұлы Жібек Жолыны бойында айрықша орны бар қалалардың бірі. Қарахан мемлекеті тұсында гүлденіп, мәртебелі қала статусына көтерілді.



Кеңес Одағы кезінде Жамбыл облысының орталығы болып, Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, Жамбыл облысының әкімшілік орталығына айналды. Былтыр Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қасиетті, тарихи, көне шаһар Таразда тойланып өтті.

Түркістан - 1500 жыл

- 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан қаласы. Елбасы Н. Назарбаев: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан», — деген болатын. Қазақтың рухани ордасына айналған Түркістан қаласы – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан.



Шығысында тарихи қала Отырар, батысы Жаңақорған ауданымен (Қызылорда) солтүстігінде Созақ, Кентау қаласымен шектесіп жатқан киелі жер. Түркістан қаласы – Қазақстанның тарихи туризмінің таптырмас ордасы. Әсіресе туризм кластерінің басым бағыты көлік инфрақұрылымы қолайлы жолға қойылған. Түркістанның іргетасы – V-VI ғасырларда қаланған.

Құлан - шамамен 1400 жылдай

- Құлан орта ғасырдағы (VII-XIIғ.) шағын қаланың орны. Жамбыл облысындағы Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылы. Қала туралы алғашқы тарихи деректер VII ғасырдан бастап белгілі. Саяхатшылар Ибн Хордадбек, Құдам қолжазбаларында Құлан Тараз қаласының шығысына таман, Ұлы Жібек жолындағы қала деп көрсетіледі. Әл-Мақдиси Құланды 10 ғасырда былай сипаттады: «Күмбезді мешіті бар, мықты қоршалған қамал.



Бұл үлкен Тараз жолының бойында орналасқан бекіністі қала». 1963—65 ж. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының археологиялық экспедициясы зерттеп, қазіргі Тұрар Рысқұлов ауданындағы Құлан ауылы маңындағы төбе-төбе үйінділерді ежелгі Құлан қаласының орны деген қорытындыға келді.

Отырар - 1300 жылдай шамамен

- Отырар - Қазақстанның орта ғасырлардағы әйгілі қалаларының бірі. Қаланың қалдығы Отырар төбе деген атпен белгілі, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Шәуілдір елді мекенінің жанында орналасқан. Отырар қаласы туралы көптеген саяхатшылардың жазба деректерінде айтылады. Отырар қаласы VIII ғасырда Тарбанд деген атаумен белгілі бола бастады. IX ғасырда қала мәртебесіне көтерілді. Отырар қаласы құрылған кезінен бастап аса ірі кітапхана мен мәдени ошақтарға бай болды.



1218 жылы Хорезм шаһ Мұхаммедтің Отырардағы билеушісі Қайырханның әмірімен Шыңғыс хан керуенінің саудагерлері өлтіріледі. Бұл Шыңғыс ханның Орталық Азияға шапқыншылық жасауына сылтау болды. Осылайша тарихта "Отырар апаты" деген атпен белгілі ұлы шайқас болды.

Алматы – 1000 жыл

- Археологиялық зерттеулер VII-IX ғасырларда қазіргі Алматы қаласының территориясында бірнеше елді мекендердің болғанын, олардың IX-X ғасырларда қалашықтарға айналғандығын көрсетеді. Ең ірісі бұрынғы шекара училищесіне жақын, қаланың оңтүстік бөлігінде орналасқан. Ол жерден қыштан жасалған ыдыс-аяқ, қола және темірден жасалған бұйымдар табылды.



1980 жылы Байпақов К.М. бастаған археологтар ортағасырлық ұстахана орнындағы қазба жұмыстары кезінде крицилерді – темір дайындамаларын, балталар жиынтығын және ортағасырлық домна пешін табады.111

Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері

- Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері – салыныстар, бүкіл тарихи аумақтарында көрсетілген ғимараттар мен салыныстар, мемориалдық үйлер, некропольдер, кесенелер және жеке кісі жерленген жерлер, монументалды өнердің туындылары, тас бейнелер, жартас суреттер, археология ескерткіштері, Қазақстанның мемлекеттік тарихи және мәдени нысанасының ішіне кіретін тізбе ескерткіштер. Олар тарихи, ғылыми, архитектуралық, көркем және мемориалдық айрықша мағына білдіреді. Тарихи және мәдени ескерткіштердің тізбелері мемлекеттің қорғауында.



Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғасыр

- Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің оңтүстік шығыс жағында 60 метр жерде орналасқан.

Тарихи мәліметтерде әйгілі темір ұрпағы, Ұлықбектің қызының 1451 жылы Әбілхайыр ханға ұзатылғаны және кесенесі туралы мәліметтер сақталған. Көшкінші және Сүйінші Қожа хандардың анасы, Әбілхайыр хан қайтыс болған соң 16 жыл Түркістанда өмір сүріп, арнайы салынған кесенеде жерленген.



Айша-Бибі кесенесі XII - XIII ғасыр

- Айша – бибі кесенесі өзінің аңызға толы рухани құндылығымен сәулет өнеріндегі ғажайып әлемде теңдесі жоқ ескерткіш болып табылады. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған.
- Қайта қалпына келтіру жұмыстары 2001-2004 жылдар аралығында жүргізілді. Кесене кейіпін келтіру үшін Түркістан филиалының қайта жасаушы шеберлері үш жыл бойы ескі технологиялы пештерді қолдану арқылы 72 түрлі белгі салынған плиткалар дайындады.

Сондай-ақ кесене фундаментін қатайту қабырғаларын көтеріп алғашқы кейпіне келтіру күмбездің ішкі және сыртқы желкендерін жөндеу секілді қиын жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ электр жарығын тартып кесене аймағы қоршалды, яғни осылайша кесене қайта қалпына келтірілді.



Алаш хан кесенесі

- Мазар халық шеберлерінің қолымен XI-XII ғасырларда Алаша ханның құрметіне салынған. Оның есімі қазақтың үш жүзінің пайда болуымен тікелей байланысты. Қазақстандық әйгілі кесенелердің бірі Қаракеңгір өзенінің аңғарында, оң жағалаудан 2 км қашықтықта, Малшыбай ауылынан алшақ емес жерде орналасқан. Мазарды зерттей бастау Ш.Уәлихановтың «Қырғыз қайсақ молалары және жалпы бұрынғы туралы» атты мақаласынан бастау алады. (1855 ж.).



Бауыржан Момышұлының ескерткіші

- Бауыржан Момышұлының** ескерткіші 2000 жылы 12 қазанда Ұлы Жеңістің 55 жылдығына және батырдың 90 жылдығына арнап салынды.
- Авторлар ұжымы: мүсіншілер: М. Рүстемов, Д. Әлдеков. Сәулетшілер: С. Дамбай, Н. Баекеев.
- Биік ірге тасты қолында қылышы бар ұлы тұлға айбынды жауынгер, философ интернационалист, жазушы. Екінші шешуші дүние жүзілік соғыстың батырының ескерткішінен халық көптеген ұрпақтың айбынды батырларының бейнесін көреді.
- Кеңес Одағының Батыры, халық батыры Бауыржан Момышұлының өмір жолы туралы Отан тарихына арналған кинотаспаларда, энциклопедияларда бейнеленген. Оның образы ТМД елдері мен Шетел галлерейаларында орын алған. Баукеңнің атымен оның туған жері Жуалы ауданы аталады



Абылай хан стелласы

- Орнату комплексінің орны – бұл Абылай хан тарихи жері, ағаштармен қоршалған шыңға шығатын белестерден тұратын. Ерекше алатын болсақ алаңқай жер оның дөңгеленген формасы (дөңгелек – ғасырлықтың, шексіздіктің белгісі) композициялық және кеңістікті-пластикалық шығармашылық болып есептеледі. Авторлар бұл қасиетті Қазақстан халқы үшін сақтайды, энергиясының ең маңызды орталық көзі болып есептелетін монументін – комплекстің доминантына орын бөледі. Өздерінің шығармаларында Еуразиялық аймағында кең танылған, ғасырлар тоғысында скиф-сақтық қоғамының жасалған, Ұлы далада қоныс алған түріктер, славяндар үшін де бір тамыр болып танылған.
- Жоспарда монумент дөңгелекке енгізілген сегіз қырлы ұсынылады. Қазақстан халқының мәдениетінде сегіз қырлы әлемнің жақтарынан басқа, барлық бағыттар жайылатын алғыс айту. Дөңгелекпен қоса мәңгілік уақытқа алғысымен бекітілген.

